Нормативтік/техникалық құжаттарымен/технологиялық схемаларды /паспорттарды және ұқсас құжаттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарын бір көзден шарт жасасудын негіздемесі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазакстан Республикасы Занынын (бұдан әрі Зан) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- біртектес тауарларды сатып алу кезінде, егер мұндай тауарлардың жылдық көлемі ақшалай мәнде жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- жұмыстар мен кызметтер бойынша бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;

ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін төрт мың еселенген айлық есептік корсеткіштен аспаған жағдайда.

Бұл көрсеткіштер тисті каржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.

Сонымен катар, Занның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы, не онын міндеттерін аткарушы тұлға, немесе орталык мемлекеттік орган аппаратының басшысы не оның өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға кабылдайды.

Сондай-ак, Заңның 16-бабынын 6-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі. Атап айтканда, Занның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және тармакшаларында көрсетілген кағидаттар.

Бұл ретте, бір көзден тікелей шарт жасасу туралы шешім кабылдаған тұлга жоғарыда аталған қағидаттардын сақталуына жеке жауапты болады.

Аталған кағидаттарды сақтау мақсатында тапсырыс беруші үш (3) әлеуетті өнім берушіден баға ұсыныстарын сұратты, сондай-ақ Қазакстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарлар, жұмыстар және қызметтер бағаларының деректер базасы шығын түрлері бойынша есеп айырысу кезінде бағдар ретінде пайдаланылды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 34-косымшасына сәйкес, келесі бағаны толтыру көзделген: бір көзден сатып алу жадайының ерекшелігі растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (кызметтік жазба, корытынды, аныктама).

Осыған байланысты. Қағидалардын 510-тармағына сәйкес, шарт жасалғаннан кейін тапсыры беруші бес жұмыс күні ішінде бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру тиіс және осы қызметтік жазбаны көрсетуі керек.

Қағидалардың 506-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін тандаудын негіздемесі мынадай: Заңның 5-бабы 1-тармагынын 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген кағидаттарды сактау максатында Тапсырыс беруші үш (3) бага ұсынысын сұратып, нарықтағы бағаларға талдау жүргізді. Аталған өнім берушіде осы жұмыстарды, қызметтерді сапалы орындау үшін кажетті барлық жабдықтар мен білікті кызметкерлер бар.

Бөлім басшысы **Е.Сейдалиев**